



«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың тұрақты даму саясаты

Басқарманың 24.08.2023
жылғы №0824/4 хаттамасымен
мақұлданған

Директорлар кеңесінің
06.09.2023 жылғы №0906/3
қаулысымен бекітілген.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың тұрақты даму саясаты

1. Жалпы қағидалар
 - 1.1. Саясатты әзірлеу негіздері
 - 1.2. Саясаттың қолданылу аумағы
 2. Банк қызметінің тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен принциптері
 - 3-тарау Қызметтің негізгі бағыттары
 - 3.1. Банктің тұрақты дамуға ықпалы мен рөлі
 - 3.2. Басым ТДМ
 - 3.3. Банктің ұзақмерзімді корпоративтік бизнес-стратегиясына ТДМ интеграциясы
 - 3.4. Тұрақты даму саласындағы қызметтің түйінді бағыттары мен міндеттері
 - 3.5. БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттарына және басқа да халықаралық принциптеріне сүйену
 4. Мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет ету
 - 4.1. Корпоративтік клиенттермен, жеткізушілермен және өзге де мүдделі тұлғалармен бірлесіп әрекет ету кезіндегі жауапты тәсіл
 5. Жауапты қаржыландыру
 6. Тұрақты дамуды басқару жүйесі
 - 6.1. Тұрақты даму мәселелерін басқарудың ұйымдық құрылымы
 - 6.2. Тұрақты даму мәселелерін басқару механизмдері
 7. Мониторинг және есептілік
 8. Қорытынды қағидалар
- 1-қосымша - Терминдер мен қысқарған сөздердің анықтамалары

1. Жалпы қағидалар

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның тұрақты даму саясаты (бұдан әрі - Саясат) «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың (бұдан әрі - Банк) Банк қызметінің тұрақты даму және ESG саласындағы тәсілдерін, мақсаттары мен принциптерін жүйелейтін негізін қалаушы нормативтік құжат болып табылады.
2. Саясат Банктің даму стратегиясын, Корпоративтік басқару кодексін және Корпоративтік этика кодексін, сондай-ақ жауапты қаржыландыруды қоса алғанда, тұрақты дамуға байланысты аспектілерді реттейтін Банктің басқа да ішкі құжаттарын ескере отырып әзірленді.

1.1. Саясатты әзірлеу негіздері

3. Саясат Банктің адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы БҰҰ Жаһандық шартының принциптерін сақтау жөніндегі ерікті міндеттемесін көрсетеді.
4. Саясатты әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптары ескерілді, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 наурыздағы № 187 бұйрығымен бекітілген Қазақстан қаржы нарығын реттеуге ESG принциптерін енгізу жөніндегі жол картасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Экологиялық кодексі;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптылығына қол жеткізу стратегиясы;
- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 291 бұйрығымен бекітілген Банктер мен басқа қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулық

сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық принциптерді, құжаттар мен стандарттарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:

- БҰҰ Бас ассамблеясы әзірлеген тұрақты даму мақсаттары;
- БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (UNEP FI) қаржылық бастамасы аясында әзірленген банк қызметін жауапкершілікпен жүргізу принциптері;
- Мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет ету стандарты AA1000 SES (AA1000 SES);
- Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулығы (Global Reporting Initiative, GRI);
- Коммерциялық банктер мен IT-секторының компаниялары үшін Sustainability Accounting Standards Board (SASB) есептілік стандарттары;
- Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес жанындағы климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты ашу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының ұсынымдары (Task force on Climate-related Financial Disclosures, TCFD).

5. Саясаттың негізгі қағидалары тұрақты даму саласында сертифицирталған құзыреттері бар кәсіби қоғамдастық өкілдерінің ұсынымдарын және басқа да мүдделі тараптармен консультацияларды ескере отырып әзірленді.

1.2. Саясаттың қолданылу аумағы

6. Мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет етуге байланысты немесе мүдделі тараптардың мүдделерін

қозғайтын қызметті жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды дайындау және бекіту, бизнес-процестерді әзірлеу және енгізу, ақпаратпен алмасу және коммуникацияның басқа да түрлерін жүзеге асыру кезінде Саясатты Банктің және Банктің еншілес компанияларының барлық қызметкерлері сақтауға міндетті.

7. Банктің еншілес компаниялары бөлінген бағыттар мен міндеттердің, қолданылатын корпоративтік басқару стандарттарының және заңнаманың маңыздылығын бағалауды ескере отырып, осы Саясат ережелерінің негізінде тұрақты даму саласындағы өзінің ішкі құжаттарын әзірлей алады.
8. Банк заңнамадағы өзгерістерді және халықаралық және ұлттық практикада тұрақты даму саласында жаңа стандарттардың пайда болуын, стратегиялық құжаттарды жаңартуды ескере отырып, сондай-ақ Банктің тұрақты қызметі практикаларының дамуын ескере отырып, бірақ үш жылда кемінде бір рет Саясатты жетілдіретін және қайта қарайтын болады.
9. Саясат Банктің ақпараттық ресурстарында қолжетімді жария құжат болып табылады.

2. Банк қызметінің тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен принциптері

10. Банк қызметінің негізгі мақсаты ұлттық экономиканың өсуіне үлесті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны сақтау және топ-менеджмент пен Банк қызметкерлерінің клиенттермен, инвестициялық қоғамдастықпен, акционерлермен, бизнес жөніндегі серіктестермен және мемлекетпен бірлесіп әрекет ету кезінде қоғам үшін қосылған құн құру үшін Банктің корпоративтік ұзақмерзімді өсу стратегиясына ESG аспектілерін интеграциялау болып табылады.
11. Тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметті жүзеге асыру кезінде Банк тұрақты банк қызметіне сәйкес келетін принциптерді басшылыққа алады:

- 1) Қызметті барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ескере отырып және тұрақты даму мақсаттарына сәйкес жүзеге асыру.
- 2) Адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, инклюзивтілікті, алуан түрлілікті қолдау, барлығына әділ және тең қарау.
- 3) Қоршаған ортаға ұқыпты қарау.
- 4) Жауапты қаржыландыру практикаларын дамыту, инвестициялық сектор аясында жауапты қаржыландыру принциптерін қабылдауға және жүзеге асыруға жәрдемдесу.
- 5) Клиенттермен және басқа да мүдделі тараптармен ашық және адал бірлесіп әрекет ету, Банктің тұрақты даму мәселелерін қозғайтын шешімдер қабылдау процесінде олардың пікірлері мен мүдделерін есепке алу.
- 6) Тұрақты банк қызметінің принциптеріне сәйкес келетін басқару және корпоративтік мәдениет.
- 7) Заңнамалық нормалар мен стандарттарды сақтау, өзіне алған міндеттемелерді орындау.
- 8) Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге оң және теріс әсері мен үлесіне қатысты қызметтің ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз етуге ұмтылу.

3. Қызметтің негізгі бағыттары

12. Банк ірі қаржы институты ретінде климаттың, экологиялықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің және корпоративтік басқарудың факторларына және олардың қаржылық тұрақтылыққа әсеріне байланысты тәуекелдерге ықпал етеді. Банк тұрақты дамуға әсер ету түрі мен деңгейін ескере отырып, өзі үшін 4 рөлді анықтады.

3.1. Банктің тұрақты дамуға ықпалы мен рөлі

13. Банк Компания ретінде өз қызметінің сипатына байланысты қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейді. Банк тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады. Банк өз қызметінде энергияны тиімді пайдаланатын технологияларды енгізу, суды тұтынуды азайту, кеңсе мұқтаждықтары үшін қағазды жұмсауды азайту арқылы ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және қолданыстағы теріс экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады.
14. Банк Жұмыс беруші ретінде әдепті іскерлік практикаларды ұстанады, Банк қызметкерлеріне қамқорлықпен қарайды, адам құқықтарын сақтау негізінде қызметкерлермен еңбек қатынастарын құрады, корпоративтік басқару практикасын дәйекті түрде жетілдіреді. Банк сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаттары мен практикаларын енгізеді және қолдайды.
15. Банк Қаржы институты ретінде экономиканың нақты секторы компанияларының қаржылық қызмет көрсетуін жүзеге асырады және сол арқылы экономиканы декарбонизациялауға жанама ықпал етеді. Осы рөлде Банк инвестициялық және кредиттік қызметке ESG-факторларды енгізеді, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін жауапты қаржыландырудың халықаралық принциптеріне сәйкес болуға ұмтылады.
16. Банк Қазақстан Республикасының ірі банктің бірі ретінде азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық орнықтылығына оң үлес қосуға ұмтылады, инновацияларды енгізу мен дамытуға, жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді, климаттық тәуекелдерді басқарудың ұлттық жүйесін қалыптастыруға қатысады.

3.2. Басым ТДМ

17. Банк тұрақты дамудың барлық 17 мақсатының (бұдан әрі - ТДМ) маңыздылығын мойындайды, оларды іске асыру мемлекетті өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық проблемаларды шешуге әкелуі ықтимал.
18. Банк қызметінің тұрақты дамуға және ESC-ға әсерін бағалауды жүргізуді ескере отырып, Банк таңдалған мақсаттар аясында 8 басым ТДМ және қосымша міндеттерді айқындады, оларға қол жеткізуге Банк өлшемді үлес қоса алады (1-кесте)¹.

ТДМ және Банк қызметінің релевантты міндеттері



3. Жақсы денсаулық пен амандық

3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығы үшін қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету.

3.13. Барлық елдердің, әсіресе дамушы елдердің ерте алдын алу, тәуекелдерді азайту және денсаулық үшін ұлттық және жаһандық тәуекелдерді реттеу саласындағы әлеуетін арттыру.



4. Сапалы білім беру

4.4. 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдыларға, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдыларға ие жас және ересек адамдардың санын айтарлықтай ұлғайту

4.7. 2030 жылға қарай барлық оқушылардың, оның ішінде тұрақты даму және тұрақты өмір салты, адам құқықтары, гендерлік теңдік, бейбітшілік пен зорлық-зомбылық мәдениетін насихаттау, бейбітшілік азаматтығы және мәдени әртүрлілік құндылығын сезіну және мәдениеттің тұрақты дамуға қосқан үлесі мәселелері бойынша оқу арқылы тұрақты дамуға жәрдемдесу үшін қажетті білім мен дағдыларды алуын қамтамасыз ету.

4.8. Балалардың мүдделерін, мүгедектердің ерекше қажеттіліктерін және гендерлік аспектілерді ескеретін оқу орындарын құру және жетілдіру және барлық адамдар үшін қауіпсіз, зорлық-зомбылық пен әлеуметтік кедергілер жоқ және оқытудың тиімді ортасын қамтамасыз ету.



7. Қымбат емес және таза энергия

7.2. 2030 жылға қарай әлемдік энергетикалық теңгерімдегі жаңартылатын көздерден энергияның үлесін айтарлықтай ұлғайту.

7.3. 2030 жылға қарай дамушы елдерді заманауи және тұрақты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту

¹ Ағымдағы кезеңде әсерді бағалау және басым ТДМ-ны таңдау топ-менеджмент пен Банктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасында on-line қосымшада дауыс беру арқылы жүргізілді, сондай-ақ кәсіби қоғамдастық өкілдерінің ұсынымдары ескерілді. Бұдан әрі Банкте тұрақты қызмет тәжірибесінің дамуына қарай Банк мүдделі тараптардың барлық топтарының өкілдерін талқылауға тартып, пікірін ескеретін болады.

8. Лайықты жұмыс және экономикалық өсу



8.2. Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары секторлар мен еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару арқылы экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу

8.3. Өнімді қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін, дамытуға бағдарланған саясатты жүргізуге жәрдемдесу және шағын, шағын және орта кәсіпорындарды ресми тануды және дамытуды, оның ішінде оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді ұсыну арқылы көтермелеу

8.4. 2030 жылдың аяғына дейінгі бүкіл мерзім ішінде тұтыну және өндіріс жүйелерінде ресурстарды пайдаланудың жаһандық тиімділігін біртіндеп арттыру және Тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдерін пайдалануға көшу жөніндегі он жылдық іс-қимыл стратегиясында көзделгендей, экономикалық өсудің қоршаған орта жай-күйінің нашарлауымен қатар жүрмеуіне ұмтылу, бұл ретте бірінші болып дамыған елдер айналысуы тиіс

8.5. 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер, оның ішінде жастар мен мүгедектер үшін толық және өнімді жұмыспен қамтуды және лайықты жұмысты және тең құндылықтағы еңбек үшін тең ақы төлеуді қамтамасыз ету

8.b. 2020 жылға қарай жастарды жұмыспен қамтудың жаһандық стратегиясын әзірлеу және қолданысқа енгізу және Халықаралық еңбек ұйымының жұмыс орындары туралы жаһандық пактіні жүзеге асыру

9. Индустрияландыру, инновация және инфрақұрылым



9.3. Ұсақ өнеркәсіптік және өзге де кәсіпорындардың, әсіресе дамушы елдерде қаржылық қызметтерге, оның ішінде арзан кредиттерге қолжетімділігін кеңейту және олардың өндірістік-өткізу тізбектері мен нарықтарға кірігуін күшейту

9.4. 2030 жылға қарай барлық елдердің қатысуымен олардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді неғұрлым кеңінен қолдану есебінен оларды орнықты ете отырып, инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта жабдықтау

9.a. Африка елдерін, ең аз дамыған елдерді, теңізге шыға алмайтын дамушы елдерді және шағын аралдық дамушы мемлекеттерді қаржылық, технологиялық және техникалық қолдауды ұлғайту есебінен дамушы елдерде экологиялық орнықты және тұрақты инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу

10. Теңсіздікті азайту



10.1. 2030 жылға қарай халықтың ең аз қамтамасыз етілген 40 пайызы ел бойынша орташа деңгейден асатын кірісінің өсуіне біртіндеп қол жеткізу және оны қолдап отыру.

10.3. Соның ішінде кемсітушілік заңдарын, саясат пен практиканы жою және осы бағыттағы тиісті заңнаманы, саясат пен шараларды қабылдауға жәрдемдесу арқылы мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету және нәтижелер теңсіздігін азайту.

13. Климаттың өзгеруімен қарсы күрес



13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын ұлттық деңгейде саясатқа, стратегияға және жоспарлауға енгізу

13.3. Адамдар мен мекемелердің климаттың өзгеру салдарын жеңілдету және әлсірету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша ағартуды, ақпаратты таратуды және мүмкіндіктерін жақсарту

17. Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік



17.16. Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде тұрақты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологиялар мен қаржы ресурстарын жұмылдыратын және тарататын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен серіктестіктермен толықтырылатын Жаһандық серіктестікті тұрақты даму мүддесі үшін нығайту

17.17. Серіктестердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегиясына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар арасындағы, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді серіктестікті ынталандыру және көтермелеу

3.3. Банктің ұзақмерзімді корпоративтік бизнес-стратегиясына ТДМ интеграциясы

19. Банк ESG-стратегиясын әзірлеу және оны Банктің жалпы даму стратегиясына ықпалдастыру арқылы Банктің ұзақмерзімді корпоративтік бизнес-стратегиясын таңдалған нысаналы міндеттерге сәйкес келтіруді жоспарлап отыр.

20. Банк мүдделі тараптарды орнықты даму жөніндегі қаржылық емес ақпаратты жыл сайын ашу кезінде ТДМ-ға қол жеткізу нәтижелері туралы хабардар ететін болады.

3.4. Тұрақты даму саласындағы қызметтің түйінді бағыттары мен міндеттері

21. Тұрақты даму саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде Банк экологиялық, әлеуметтік-экономикалық және басқарушылық факторлардың үш тобын назарға алады.
22. Банктің тұрақты даму саласындағы міндеттері «БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының компасы (SDG Compass)» басшылығының ұсынымдары ескеріле отырып, сондай-ақ қаржы секторы үшін Тұрақты даму жөніндегі дүниежүзілік іскерлік кеңестің (WBCSD) үздік тәжірибесі мен ұсынымдары ескеріле отырып әзірленді және Банктің стратегиялық мақсаттарға және өзіне алған міндеттемелерге қол жеткізуіне ықпал етеді.

Қоршаған ортаға әсерді төмендету:

- 1) Банктің қоршаған ортаға әсерін өлшеуді және бақылауды қамтамасыз ету;
- 2) материалдарды, отын-энергетика ресурстарын, су тұтынуды пайдаланудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ түзілетін қалдықтардың көлемін төмендету;
- 3) қалдықтармен жұмыс істеу процестерінің мониторингін жүзеге асыру
- 4) клиенттер мен серіктестер арасында жоғары экологиялық стандарттарды таратуға ықпал ету.

Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару практикаларын енгізу және дамыту:

- 5) климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру;
- 6) климаттық стратегияны әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз ету;
- 7) климаттық тәуекелдер мониторингін енгізу үшін бизнес-процестерді кезең-кезеңмен жетілдіруді қамтамасыз ету;
- 8) Банк қызметкерлерінің ESG бөлігінде тәуекел мәдениетін қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз ету
- 9) тәуекел-тәбетті белгілеу кезінде климаттың өзгеруіне байланысты елеулі тәуекелдердің көрсеткіштерін/факторларын есепке алу
- 10) ESG факторларын есепке алуды және климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді басқаруға тәсілдерді үш қорғау желісі негізінде Банктің ішкі бақылау жүйесіне ықпалдастыру
- 11) шығарындыларды азайту жөніндегі ұлттық және халықаралық бастамалардың қатысушысы болу.

Жауапты қаржыландыру:

- 12) қолда бар табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруды ынталандыру, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендету, энергия тиімділігін арттыру, энергия үнемдеу, климаттың өзгеру салдарын жеңілдету және климаттың өзгеруіне бейімделу үшін қаржылық өнімдер мен қызметтер ұсыну;
- 13) жауапты қаржыландыру саласындағы тәсілдерді, саясаттарды, әдістемелер мен тетіктерді әзірлеу, енгізу және дамыту;
- 14) басқару жүйесін және клиенттердің қызметін ESG-трансформациялау, оның ішінде консультациялар арқылы көмек көрсету;
- 15) кредиттік шешім қабылдау кезінде ESG-принциптеріне сәйкестікті бағалау нәтижелерін ескеру;
- 16) жауапты қаржыландырудың негізгі бағыттары бойынша ТНК жүйесін енгізу;

Адам құқықтарын сақтау:

- 17) үнемі оң әсерді арттыру және бір уақытта Банк қызметіне тікелей байланысты адам

- құқықтарына жағымсыз әсердің алдын алу немесе жұмсарту;
- 18) қызметкерлерден және басқа да мүдделі тараптардан адам құқықтарын, гендерлік теңдікті және тең мүмкіндіктерді сақтау жөнінде кері байланыс алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 19) клиенттердің Банктің өнімдеріне, қызметтеріне және сату арналарына қанағаттануын бағалау жүйесін енгізу;

Жауапты еңбек практикасы:

- 20) еңбек қатынастары мен еңбек жағдайлары саласындағы жоғары стандарттарды сақтау;
- 21) қызметкерлерді тұрақты оқытуды және кәсіптік, оның ішінде тұрақты даму мәселелері бойынша дамытуды қамтамасыз ету;
- 22) іскерлік этиканы, құқықтық нормаларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді бұзу мәселелері бойынша қызметкерлер үшін және барлық мүдделі тараптар үшін жасырын және қудалаудан қорғауды ескере отырып, байланыс арнасының болуын қамтамасыз ету;
- 23) қызметкерлердің қанағаттанушылығы мен тартылуын бағалау және мүдделі тараптар үшін бағалау нәтижелерін ашу жүйесінің болуын қамтамасыз ету;

Қатысатын өңірлердің әлеуметтік дамуына жәрдемдесу:

- 24) әлеуметтік және экологиялық қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдауға қатысу;
- 25) қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, салауатты өмір салтын насихаттауға, озық технологияларды қолдануға ықпал ету;
- 26) халықтың қаржылық сауаттылығын, оның ішінде тұрақты даму аспектілерін ескере отырып, арттыруға ықпал ету;
- 27) өнім берушілер мен мердігерлердің адам құқықтарын сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауына ықпал ету;

Корпоративтік басқару практикаларын жетілдіру:

- 28) Банкті дамытудың жалпы корпоративтік ұзақмерзімді стратегиясының құрамында ESG-стратегиясын әзірлеу және енгізу;
- 29) корпоративтік басқару және іскерлік этика саласындағы ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- 30) корпоративтік басқарудың және тұрақты дамуды басқарудың ашықтығы мен жариялығын арттыруды қолдау;
- 31) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржылық қылмыстардың алдын алу үшін заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 32) тұрақты түрде мүдделі тараптардың үміттері мен мүдделерін анықтау, бағалау және назарға алу;
- 33) Банктің қандай да бір басым ТДМ-ға қол жеткізуге үлес қосқан жобалары мен бастамалары туралы хабардар ету;
- 34) қоғамға, экономикаға және қоршаған ортаға белгілі және ықтимал әсерін қоса алғанда, ол жауапты болатын Банктің саясатын, шешімдері мен қызметін түсінікті, дәл және толық нысанда, ақылға қонымды және жеткілікті дәрежеде ашуды қамтамасыз ету.

3.5. БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттарына және басқа да халықаралық принциптеріне сүйену

23. Банк 2023 жылдан бастап БҰҰ Жаһандық шартының (бұдан әрі - Жаһандық шарт) қатысушысы болады және оның адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған орта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы принциптерін ұстанады. Банк өзінің мүдделі тараптары арасында Жаһандық шарт принциптерін ілгерілету үшін және оларды өзінің күнделікті қызметіне интеграциялау үшін өзіне міндеттемелер қабылдайды. 2024 жылдан бастап Банк тұрақты (жыл сайынғы) түрде Тұрақты даму туралы есепте Жаһандық шарт принциптерін ілгерілету туралы есепті жариялайтын болады. Банк Жаһандық шарт принциптерін іске асыруға қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасындағы Жаһандық шарт өкілдігімен өзара іс-қимыл жасайды.
24. Банк БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы мен қаржы секторы арасында құрылған жаһандық серіктестікті білдіретін БҰҰ-ның Қаржылық бастамасына қосылады және өз қызметін жауапты қаржылық қызмет принциптеріне сәйкес жүзеге асырады. Банк қоршаған ортаны қорғау және бизнес-қызметтің барлық деңгейлерінде тұрақтылық саласындағы ең үздік практиканы ілгерілетуді жүзеге асырады.
25. Банк өз қызметін БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының Қаржылық бастамасының жауапты банк қызметінің алты принципіне сәйкес жүзеге асырады. Осы принциптерге сәйкес жауапты қаржылық қызмет Банктің бизнес-моделіне интеграцияланған. Банк әлеуметтік маңызы бар жобаларды белсенді қолдайды және жобаларды қаржыландыру туралы шешім қабылдау кезінде әлеуметтік және экологиялық талаптарға бағалау жүргізеді. Банк БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының қаржылық бастамасымен жауапты қаржыландыру принциптерін іске асыруға қатысты мәселелер бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады.
26. 2024 жылдан бастап Банк жыл сайын Тұрақты даму туралы есепті немесе климаттық әсер туралы есептілікті дайындау және жариялау аясында Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты (TCFD) ашу мәселелері жөніндегі нысаналы топтың стандартына сәйкес ақпаратты ашуды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

4. Мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет ету

27. Банк тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескереді және тиімді коммуникациялар құру арқылы олармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады.
28. Банк мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет етуді Стандартқа сәйкес келесі принциптерді ескере отырып жүзеге асырады:
- маңыздылық принципі - Банк өзінің мүдделі тараптарын айқындайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері елеулі болып табылатынын түсінеді;
 - толықтық принципі - өз қызметі процесінде Банк мүдделі тараптардың қауіптенуіне назар аударады және олардың маңызды мәселелер, қажеттіліктер және қызметтің күтілетін нәтижелері бойынша көзқарастарын түсінуге ұмтылады;
 - ден қоюға дайындық принципі - Банк өз қызметін жүзеге асырған кезде мүдделі тараптардың барлық елеулі мәселелеріне дәйекті түрде ден қояды.
29. Банк мүдделі тараптардың 11 тобын анықтады, оларға Банк ықпал етеді және олар Банк үшін маңызды болып табылады. 2-кестеде Банктің мүдделі тараптармен бірлесіп әрекет етуінің мақсаттары мен тәсілдері, сондай-ақ өзара іс-қимылды жүзеге асыруға жауапты құрылымдық бөлімшелер және мәселелерді жолдау үшін мүдделі тараптар тобы үшін ортақ байланыс көрсетілген.

Бірлесіп әрекет етудің мақсаты	Бірлесіп әрекет етудің тәсілдері	Бөлімшелер
<p>Акционерлер</p> <p>1. Қаржылық қызмет нәтижелерінен, сондай-ақ қызметтің жетістіктері мен проблемаларынан өзекті және сенімді ақпарат беруді қамтамасыз ету.</p> <p>2. Түйінді шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару принциптері аясында акционерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету.</p> <p>3. Банктің тиісті басқаруын және инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету.</p> <p>4. Негізгі шешімдерді басқару және іске асыру нәтижелері туралы кері байланыс алу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Акционерлердің жалпы жиналысы · Акционерлермен жеке кездесулер · Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша толық ақпарат беру · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Акционерден сауалдарды алған кезде дербес хаттар · Жылдық және аралық қаржылық есептер · Қаржылық емес есептілік (тұрақты даму туралы) · KASE веб-сайтындағы жарияланымдар · Бұқаралық ақпарат құралдары · Сыртқы web-сайт 	<ul style="list-style-type: none"> · Жоспарлау және қаржы орталығы · Корпоративтік хатшы, Хатшылық
<p>Қызметкерлер</p> <p>1. Банк қызметінің стратегиялық мақсаттары, нәтижелері туралы және қызметкерлердің мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесі туралы хабардар ету.</p> <p>2. Жұмыс берушінің брендін нығайту, неғұрлым білікті қызметкерлерді ұстап қалу.</p> <p>3. Қызметкерлердің қажеттіліктері мен проблемаларын түсіну және оларға ден қою</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Менеджерлер, командалар және жекелеген тұлғалар арасындағы тұрақты тікелей байланыс · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Корпоративтік іс-шаралар · Жедел желі (сенім телефоны) · Жылдық және аралық қаржылық есептер · Қаржылық емес есептілік (тұрақты даму туралы) · Бөлімшелердегі қызметкерлердің тартылу мен адалдық деңгейін және әлеуметтік-психологиялық ахуалды зерттеу. 	<ul style="list-style-type: none"> - Қызметкерлерді басқару орталығы · Тұрақты даму дирекциясы (ESG)

<p>Клиенттер</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Банктің өнімдері мен қызметтері, сондай-ақ оларды алу шарттары туралы хабардар ету. 2. Қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін клиенттердің мүдделері мен қажеттіліктерін түсіну. 3. Кәсіби консультациялар беру. 4. Клиентке бағдарланған инновацияларды әзірлеу және енгізу. 5. Клиенттердің Банкке қатысты адалдығы. 6. Клиенттердің проблемаларына ден қою 	<p>Өнімдерге, қызметтерге және өзара іс-қимылға байланысты қанағаттану деңгейін зерттеу, пікірлер мен шағымдар.</p> <ul style="list-style-type: none"> · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар · Тұрақты даму туралы жылдық қаржылық есептер мен есептілік · KASE веб-сайтындағы жарияланымдар · Бұқаралық ақпарат құралдары · Сыртқы web-сайт · Әлеуметтік желілер · Клиентпен бетпе-бет бірлесіп әрекет ету · SMS-ақпараттандыру · Байланыс орталығы · Интернет-банкинг, сондай-ақ Банктің мобильді қосымшасы 	<ul style="list-style-type: none"> · Филиалдық желіні басқару орталығы · Операциялық орталық <p>Өтініш беруге арналған арналар:</p> <p>Алматы қ. (727) 244 30 30; 505 (ҚР бойынша ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін); 8 8000 8000 88 (ҚР бойынша кез келген қалалық телефондардан қоңырау шалу тегін);</p> <p>E-mail hotline@bcc.kz или info@bcc.kz; Web www.bcc.kz («Кері байланыс» бөлімі)</p>
<p>Реттеуші органдар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қаржылық қызметтің нәтижелері және барлық заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуы туралы өзекті және шынайы ақпарат беруді қамтамасыз ету. 2. Банк қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияларды сақтау және операциялық тәуекелді азайту. 	<ul style="list-style-type: none"> · Кездесулер · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар · Есеп беру · Комиссиялар, тексерістер және сауалдар · Қаржы мекемелерінің қауымдастығы арқылы бірлесіп әрекет ету 	<ul style="list-style-type: none"> · Операциялық сервис орталығы
<p>Мемлекеттік билік органдары</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекетпен, елдің дамуындағы серіктес ретінде де, негізгі клиент ретінде де қарым-қатынасты нығайту. 2. Экономика мен банк қызметіне әсер ететін заңнаманы әзірлеу процестеріне қатысу. 3. Жауапты және адал салық төлеуші болуға ұмтылу 	<ul style="list-style-type: none"> · Кездесулер · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар · Есеп беру · Комиссиялар, тексерістер және сауалдар · Қаржы мекемелерінің қауымдастығы арқылы бірлесіп әрекет ету 	<ul style="list-style-type: none"> · Операциялық сервис орталығы

<p>Жеткізушілер мен мердігерлер</p> <p>1. Тараптардың жасалған келісім-шарттар мен келісімдер бойынша талаптарды орындауы.</p> <p>2. Банк қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өнімдерді немесе қызметтерді уақтылы алу.</p> <p>3. Өнім берушілер мен мердігерлердің адам құқықтарын сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауына ықпал ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Кездесулер, келіссөздер · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар, сауалнама 	<p>Сатып алуды ұйымдастыру орталығы</p>
<p>БАҚ</p> <p>1. Қызметті жауапты жүргізу нәтижелерімен мүдделі тараптармен бөлісу үшін медиа арналарды қамтуды пайдалану және олардың әсері.</p> <p>2. Бизнес-нәтижелерге әкеп соғатын мінез-құлыққа оң ықпал ету мақсатында тиісті мүдделі тараптармен және қалың жұртшылықпен диалог құру.</p> <p>3. Банктің беделін қорғау</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар · Брифингтер, сұхбаттар және баспасөз хабарламалары · Сыртқы web-сайт · Әлеуметтік желілер 	<p>Маркетинг, PR орталығы</p>
<p>Халық, қоғамдық ұйымдар.</p> <p>Тұрақты даму саласындағы біздің кешенді қызметімізге ықпал ететін серіктестік қатынастар құру.</p> <p>2. Тұрақты дамудың негізгі бағыттары бойынша сарапшылардан, қоғамдастықтардан және үкіметтік емес ұйымдардан ақпарат алу Қоршаған ортаға әсер ету деңгейін төмендетуге, адам құқықтарын сақтауға, әлеуметтік және экологиялық қоғамдық маңызы бар жобаларды қолдауға бағытталған біздің міндеттемелеріміз бен бастамаларымыз туралы хабардар болуды арттыру.</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Тұрақты даму туралы жылдық есеп, есептілік · Қоғамдық экологиялық іс-шараларға қатысу · Қайырымдылық акциялары · БАҚ · Сыртқы web-сайт · Әлеуметтік желілер · БАҚ · Сыртқы web-сайт · Әлеуметтік желілер 	<p>Маркетинг, PR орталығы</p>

<p>Қаржы нарығына қатысушылар</p> <p>1. Қарыз капиталына және инвестицияларға қол жеткізуді қамтамасыз ету</p> <p>2. Қаржы нарығы субъектілерінің ортақ мүдделерін қорғау</p> <p>3. Қаржы нарығын дамыту және тұрақты даму мәселелері бойынша сындарлы бірлесіп әрекет ету.</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Кездесулер, келіссөздер · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар · Қаржы мекемелерінің қауымдастығы арқылы бірлесіп әрекет ету · Тұрақты даму туралы жылдық есеп, есептілік · Сыртқы web-сайт 	<ul style="list-style-type: none"> · Қазынашылық орталығы · Тұрақты даму дирекциясы (ESG) · Құжаттамаға әкімгерлік ету дирекциясы
<p>ESG және тұрақты даму саласындағы халықаралық ұйымдар</p> <p>1. Шығарындыларды азайту жөніндегі ұлттық және халықаралық бастамалардың қатысушысы болу</p> <p>2. Мүдделі тараптардың кең ауқымының сенімін арттыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Кездесулер, келіссөздер · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар · Тұрақты даму туралы есептілік · Сыртқы web-сайт · Цифрлық платформалар, халықаралық ұйымдардың веб-сайттары 	<ul style="list-style-type: none"> · Тұрақты даму дирекциясы (ESG)
<p>Кәсіби қауымдастық</p> <p>1. Үздік тәжірибелерге сәйкес ESG және тұрақты даму принциптерін енгізу.</p> <p>2. Қызметкерлерді тұрақты даму мәселелері бойынша оқыту.</p> <p>3. ESG-рейтингін алу және оны</p>	<ul style="list-style-type: none"> · Кездесулер, келіссөздер · Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы ақпараттық хабарламалар мен жазбаша өтініштер · Хаттар · Тұрақты даму туралы есептілік · Сыртқы веб-сайт 	<ul style="list-style-type: none"> · Тұрақты даму дирекциясы (ESG)

30. Банк жыл сайын Банктің тұрақты даму саласындағы бастамаларын іске асыру кезінде ескерілетін елеулі тақырыптарды анықтау мақсатында мүдделі тараптардың пікірлеріне сұрау салуды жүзеге асырады.

4.1. Корпоративтік клиенттермен, жеткізушілермен және өзге де мүдделі тұлғалармен бірлесіп әрекет ету кезіндегі жауапты тәсіл

31. Банк корпоративтік клиенттердің, жеткізушілердің және өзге де мүдделі тұлғалардың қызметі биоалуандылық саласында ұлттық немесе халықаралық құндылығы бар аудандарға, сондай-ақ сезімтал экожүйелер мен мекендеу ортасына елеулі ықпал етуі мүмкін екенін мойындайды.

32. Банк клиенттер, жеткізушілер және өзге де мүдделі тұлғалар өз қызметіне жауапкершілікпен қарайды, тәуекелдерді бағалайды және төмендетеді, биологиялық түрлілігі жоғары аудандарға қатысты салдарды жеңілдетеді деп үміттенеді. Егер сезімталдығы жоғары экожүйелерге әсерді болдырмау мүмкін болмаса, мұндай әсер барынша азайтылуы тиіс.

33. Банк қаржыландыру жөніндегі өз қызметінде мынадай тәсілді пайдаланатын болады: әлеуетті корпоративтік клиенттің қызметін алдын ала зерделеу және бағалау, қаржыландыруға ұсынылатын жобаны және әсерді азайту жөніндегі іс-шараларды алдын ала бағалау.

34. Банктің жеткізушілері қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық талаптарды сақтауға, экологиялық рұқсаттар алу үшін қажетті статистикалық және өзге де белгіленген есептілікті жүргізуге, егер жоғарыда жазылғандар жеткізушінің бизнес-қызметі саласына қолданылатын болса, оны жасау жөніндегі барлық ұсынымдарды жаңартуға және сақтауға міндетті, оның ішінде:

- 1) Жеткізуші қолданылатын заңдар мен ережелерге сәйкес сарқынды сулар мен қатты қалдықтарды өңдеуді, суды бұруды және қалдықтарды кәдеге жаратуды жүргізуге міндетті.
- 2) Жеткізуші қауіпті материалдарға, химикаттарға және заттарға қатысты барлық қолданылатын заңдар мен ережелердің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Жеткізуші қолданыстағы заңдар мен ережелерде белгіленген материалдарға шектеулерді және өнім қауіпсіздігінің талаптарын сақтауға тиіс.
- 3) Қоршаған ортаның жай-күйін басқару жүйесін енгізуді растайтын және ықпал ету дәрежесін анықтауға және азайтуға мүмкіндік беретін халықаралық стандарттарға негізделген ISO 14001 сертификациясының болуы мақұлданады.
- 4) Жеткізушінің парниктік газдар шығарындыларының деңгейін бақылауды жүзеге асыруы құпталады.
- 5) Жеткізушінің экологиялық жауапкершілікті арттыруға жәрдемдесетін бастамаларды жүзеге асыру, қоршаған ортаны сақтауға ықпал ететін технологияларды тарату және өнімнің өмірлік циклін іске асырудың ұтымды әдістерін пайдалану болып табылатын экологиялық мәселелерге қолайлы көзқарасты қолдануы құпталады.

5. Жауапты қаржыландыру

35. Банк қоғам мен мемлекеттің ең жақсы ұзақмерзімді мүдделерінде әрекет етуге және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық орнықтылығына оң үлес қосуға ұмтылады. Банк жауапты қаржыландыру саласындағы қызметтің түйінді бағыттарын анықтады:

- климаттық тәуекелдерді толыққанды бағалауды қамтамасыз ету және олардың кредиттік портфельге әсерін барынша азайту;
- тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге оң ықпал ететін қызмет түрлері мен жобаларды қаржыландыру;
- тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қайшы келетін қызмет түрлері мен жобаларды қаржыландыруды біртіндеп қысқарту.

36. Банк мынадай міндеттер мен бастамаларды кезең-кезеңімен іске асыру арқылы жауапты

қаржыландыру саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін кешенді тәсілді қолданады:

- 1) қызметтің қолайсыз түрлерін, жобалардың типтері мен бизнес жүргізу практикаларын айқындау;
- 2) Банк үшін жасыл экономика бөлігіндегі негізгі салалар мен жобаларды айқындау;
- 3) тұрақты банк өнімдерін іске қосу және/немесе дамыту;
- 4) ұлттық және халықаралық таксономия талаптары негізінде жасыл кредит беру бөлігінде ішкі процестерді құру;
- 5) кредиттік процеске ESG принциптеріне сәйкестігі тұрғысынан қарыз алушылар мен жобаларды бағалау құралдарын енгізу;
- 6) жауапты қаржыландыру саласындағы мақсаттарды айқындау (оның ішінде: жасыл кредиттер портфелін қалыптастыру);
- 7) жасыл кредит беруді қолдауға бағытталған мемлекеттік қолдау бағдарламаларына Банктің қатысуын кеңейту.

37. Банк тұрақты даму саласындағы қаржылық емес ақпаратты жыл сайын ашқан кезде жауапты қаржыландыру принциптерін іске асыру және климаттық тәуекелдердің Банктің кредиттік қызметіне әсері бөлігінде қол жеткізілген прогресс туралы мүдделі тараптарды хабардар ететін болады

6. Тұрақты дамуды басқару жүйесі

6.1. Тұрақты даму мәселелерін басқарудың ұйымдық құрылымы

38. Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелер арасында, оған қоса, бірақ мұнымен шектелмей:

- 1) Директорлар Кеңесі;
- 2) Тұрақты даму жөніндегі комитет;
- 3) Басқарма;
- 4) Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті;
- 5) Кредиттік комитеттер;
- 6) Тұрақты даму дирекциясы (ESG);
- 7) Тәуекелдерді басқару блогы;
- 8) Бизнесі дамыту тобының бөлімшелері арасында ESG аспектілері мен климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі өкілеттіктерді бөледі.

39. Директорлар Кеңесі Банктің тұрақты даму саласындағы стратегиялық дамуының басым бағыттарын, мақсаттары мен негізгі принциптерін және оларды Банктің даму стратегиясына интеграциялау жөніндегі тәсілдерді, Директорлар Кеңесі жанындағы комитеттердің олардың жауапкершілік саласына сәйкес тұрақты даму мәселелері жөніндегі міндеттерін, стратегиялық ESG-мақсаттарды орындау жөніндегі ТНҚ айқындайды және олардың орындалуын бақылайды. Директорлар Кеңесі жоғары деңгейдегі ІНҚ және тұрақты даму саласындағы есептілікті бекітеді.

40. Тұрақты даму жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесіне Банктің тұрақты дамуына байланысты шешімдер қабылдау мәселелері бойынша ұсынымдар береді. Комитеттің функцияларына ESG мен климаттық стратегияны әзірлеу мен іске асыруды, сондай-ақ климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді есепке алу мен бағалауды қадағалауды қамтамасыз ету кіреді. Комитет оларды кейіннен Директорлар Кеңесі бекітуі үшін тұрақты даму саласындағы жоғарғы деңгейдегі ІНҚ-ны және есептілікті бекітеді.

41. Басқарма тұрақты даму саласындағы Банктің даму стратегиясының орындалуын, Банктің Директорлар кеңесі бекіткен процедуралардың, процестердің және саясаттардың сақталуын қамтамасыз етеді. Басқарма тұрақты даму саласындағы Банктің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

42. Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті ESG және тұрақты даму саласында жедел шешімдер қабылдау органы болып табылады. Тұрақты отырыстарда Комитет мүшелері Банктің ESG-трансформациясы аясында өзекті мәселелер мен жобаларды қарайды, тұрақты даму аясында іс-шараларды, бастамаларды және нәтижелерді алдын ала мақұлдауды жүзеге асырады.
43. Кредиттік комитеттер Директорлар Кеңесі берген өкілеттіктер лимиттері аясында корпоративтік қарыз алушыларды бағалау нәтижелерін және ESG-принциптеріне сәйкестігі тұрғысынан жобаларды ескере отырып, қаржыландыру бойынша шешімдер қабылдайды.
44. Тұрақты даму дирекциясы (ESG) Банктің негізгі үйлестіруші құрылымдық бөлімшесі болып табылады, ол Банктің тұрақты даму саласындағы басқа бөлімшелеріне сараптамалық қолдау көрсетеді, Банктің ESG саласындағы стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруды басқарады, осы бағыт бойынша мониторинг пен есептілікті ұсынуды жүзеге асырады.
45. Тәуекелдерді басқару блогының бөлімшелері ESG аспектілерімен байланысты тәуекелдердің маңыздылығын айқындайды және осы тәуекелдерді бағалау нәтижелерін ескере отырып, шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар береді, бағалау құралдарын әзірлеуге қатысады, климаттық стресстестілеу процедурасын жүргізеді және берілген стандарттарға сәйкес есептілікті қалыптастырады.
46. Бизнесі дамыту тобының бөлімшелері бизнес-қызмет бағыты бойынша Банк клиенттерімен бірлесіп әрекет етуді жүзеге асырады, клиенттердің үміттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ақпараттық мақсатты қолдау көрсетеді.

6.2. Тұрақты даму мәселелерін басқару механизмдері

47. Тұрақты дамуды басқару жүйесінің механизмдері болып Банк тұрақты немесе біржолғы негізде іске асыратын іс-шаралар мен бастамалар табылады, оның ішінде:
- 1) стратегиялық және операциялық жоспарлау;
 - 2) тұрақты дамудың ұзақмерзімді стратегиясын, тактикалық мақсаттар мен міндеттерді әзірлеу аясында стратегиялық ТНК айқындау және олардың орындалуын бақылау;
 - 3) Саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру;
 - 4) міндеттерді орындау үшін қажетті ресурстарды айқындау;
 - 5) ESG аспектілері мен климаттық тәуекелдерді басқару жөніндегі ұйымдық құрылымды құру, ұйымдық құрылым аясында функциялар мен өкілеттіктерді айқындау;
 - 6) тұрақты даму аясындағы қызметтің барлық бағыттары бойынша ішкі нормативтік және әдіснамалық базаны қалыптастыру;
 - 7) қаржылық емес есептілікті қалыптастыру үшін деректерді жинау және сақтау жүйесін құру;
 - 8) мүдделі тараптар үшін, оның ішінде олардың функциялары мен қызмет бағыттарын ескере отырып, тұрақты оқыту жүргізу;
 - 9) мүдделі тараптармен тұрақты түрде бірлесіп әрекет ету;
 - 10) мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу және іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу;
 - 11) қорғаныстың үш желісі негізінде Банктің ішкі бақылау жүйесіне климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді басқарудың ESG-принциптері мен тәсілдерін интеграциялау.

7. Мониторинг және есептілік

48. Банк қызметінің оң және теріс әсеріне және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесіне қатысты ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету үшін Банк жыл сайынғы есепті Банктің корпоративтік сайтында жариялау арқылы тұрақты даму саласындағы қаржылық емес ақпаратты ашуды жүзеге асыратын болады.
49. Банк қызметінің қаржылық көрсеткіштері мен тұрақтылығына елеулі әсер ететін ESG-факторлар бойынша ақпаратты ашу Агенттіктің банктер мен басқа да қаржылық ұйымдарға арналған Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі

нұсқаулығында (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) көрсетілген талаптарына сәйкес келетін болады, сонымен қатар қаржылық емес ақпаратты ашу жөніндегі халықаралық стандарттарды ескеретін болады.

50. Банктің тұрақты даму саласындағы стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу тұрғысынан қызметті және қол жеткізілген прогресті бағалау мақсатында Банк тұрақты түрде Банктің Директорлар кеңесіне стратегиялық ESG-мақсаттарының орындалуы туралы шынайы және уақытылы ақпарат беруді қамтамасыз ететін басқарушылық ESG-есептілік жүйесін құруды жүзеге асырады.

8. Қорытынды қағидалар

51. Осы Саясаттың қағидаларын бұзғаны үшін Банктің және Банктің еншілес компанияларының жұмыскерлері ҚР заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауапты болады.

52. Осы Саясаттың қағидалары бөлімшелердің қызмет саласы мен жауапкершілігі ескеріле отырып, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында нақтылануы мүмкін.

53. Саясатты Банктің Директорлар Кеңесі бекітеді.

54. Осы Саясаттың орыс (қазақ) тіліндегі нұсқасы мен басқа тілдерге аударылған нұсқасы арасында айырмашылықтар болған жағдайда, біріншісі басым күшке ие болады.

55. Тұрақты даму дирекциясы (ESG) Саясатты қайта қарау және жаңарту үшін жауапты бөлімше болып табылады.

1-қосымша - Терминдер мен қысқарған сөздердің анықтамалары

Агенттік – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

ІНҚ – Банктің ішкі нормативтік құжаты

Ықпал – әрекеттің немесе әрекетсіздіктің, қызметтің, жобаның, бағдарламаның немесе саясаттың нәтижесінде болатын адамдарға және жергілікті қоғамдастықтарға, қоршаған ортаға және экономикаға әсер ету;

Мүдделі тараптар – Банк қызметінің нәтижелеріне әсер ететін және/немесе Банк тарапынан өз шешімдері мен қызметіне әсер ететін Банк қызметіне әртүрлі дәрежеде тартылған жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар тобы.

ТНҚ – Банктің тұрақты дамуы бойынша статистикалық мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін айқындайтын қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштері

Кәсіби қауымдастық – ESG және тұрақты даму саласындағы сарапшылар

ҚР – Қазақстан Республикасы

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары

Тұрақты даму – Банк өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Тұрақты даму болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс

Тұрақты даму мақсаттары - кедейшілік пен кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күреске, сондай-ақ ғаламшарды қорғауға және бүкіл халық үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық-қабылданған мақсаттар.

ESG (Environmental, Social, Governance) - Банктің қаржыландыру, инвестициялау және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі шешім қабылдау кезінде мынадай факторларды бағалауды болжайтын тәсілдері:

- қоршаған ортаны қорғаудағы және жаһандық және ұлттық климаттық күн тәртібіндегі Банктің рөлін айқындайтын экологиялық және климаттық факторлар;

- қызметкерлермен, жеткізушілермен, клиенттермен және қоғаммен қарым-қатынас тәсілдерін айқындайтын әлеуметтік факторлар;

- Банкті басқару, басшылардың жалақысын төлеу, аудит, ішкі бақылау және акционерлердің құқықтары бөлігінде басқару тәсілдерін көрсететін корпоративтік басқару факторлары

ESG-трансформация – қызметтің барлық бағыттары бойынша бағалау және шешім қабылдау процестеріне экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын интеграциялау арқылы компания қызметінің жүйелі өзгерістері.

ESG-стратегия – қызметтің барлық бағыттары бойынша бағалау және шешімдер қабылдау процестеріне экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды интеграциялауға бағытталған, тұжырымдау және практикалық іс-әрекеттерді іске асыру процесін көздейтін Банктің тұрақты даму стратегиясы.

ISO 14001 – сертификаттау өтетін экологиялық басқару жүйесіне қойылатын талаптарды қамтитын халықаралық стандарт

KASE – Қазақстан қор биржасы.